





Нұрманбетов Сейде
1904 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы
Құмкешу ауылында дүниеге келген. Соғысқа дейін

колхозда жұмыс істеген. 1942 жылы маусым айында Торғай АӘК-нан әскер қатарына алынған. Эстония, Латвия, Литва, Калининград майданында, Прибалтика аймағында жедел-стратегиялық қалыптастыру әскери округінің 204- фронттық қосалқы атқыштар полкінде жауынгер болған. Брянск шабуыл операциясы мен Курск шайқастарына қатысқан. Сонымен бірге соғысқа аттанған інілері Нұрманбетов Сұлтан елге оралғанымен, Нұрманбетов Есен хабар-ошарсыз елге оралмады. Соғыста мойыны мен сол жақ иығынан жарақат алғанымен елге келген соң шопан болған. Жауынгерлі бірнеше медальдармен марапатталған. 1985 жылы 29 сәуірде қайтыс болған.

